



EGEMEN QAZAQSTAN

№185 (30414) 28 ҚЫРКҮЙЕК, СӘРСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Алмағайып кезеңде ауызбірлік керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Түркістан облысына келіп, өңір жұртшылығымен кездесті.



Шешім қабылдайды деп ойлаймын. Қастерлі шаһар көне заманнан бері ұлттың ұясы, қазақтың кара шаһрағы болып келеді. Түркістан осы мәртебелі міндетін қазір де абыроймен атқарып отыр. Сол себепті мен ата жолын ұстанып, Ұлттық құрылтайдың келесі отырысын Түркістанда өткізуді ұсындым. Онда ел болашағына қатысты өзекті мәселелерді талқылаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы кейінгі жылдары болған оң өзгерістерді атап өтті. Президенттің дерегіне сөйкес Түркістанға тартылған инвестиция көлемі 8 есе артқан. 77 мың адамға арналған көпқабатты үйлер салынған. Сонымен қатар шаһар жасыл желекке оранып, экологиялық ахуалы жақсарған. Халықты ауыз сумен және табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесі шешілді деп айтуға болады. 2019 жылдан бері облысқа 2 миллионға жуық турист келген. Кейінгі үш жылда аймақтағы өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы саласы 1,5 есе өскен. Облыста 64 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны ашылған. Мемлекет басшысы елімізде «Еңбек» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын айтып, оның халық саны көп оңтүстіктің тұрғындарын жұмыс күші аз өңірлерге қоныстандыруға арналған жоба екенін түсіндірді.

(Соңы 2-бетте)

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ, «Egemen Qazaqstan»

Президент кездесуі барысында жұмыс сапарының негізгі мақсаты облыстағы ахуалмен танысу екенін айтып, Түркістанды елдіктің алтын қазығы деп атап өтті.

– Түркістан – бәріміздің мақтанышымыз, екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған бүкіл әлемге танымал қасиетті жер. Осы киелі шаһардың төл тарихымызда айрықша орны бар. Түркістан төріндегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – руханиятымыздың мызғымас дінгеі. Сондықтан Түркістанға, жалпы, осы облысқа ерекше мән

беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Үкіметіміздің басты міндеті, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақ жылнамасына алтын әріппен жазылған көптеген тұлғамыздың осында жерленгеніне тоқталып, былтыр қалаға Түркі әлемінің рухани астанасы деген мәртебе берілгенін айтты. Президенттің пікірінше, бұл оқиға Түркістанды тұтас түркі жұрты ерекше қадірлейді дегенді білдіреді.

– Біз киелі шаһарды рухани және тарихи елордамыз десек, дұрыс пайым болатынына күмәнім жоқ. Сондықтан Үкімет таяу арада Түркістан қаласына осындай мәртебе беру мәселесіне қатысты лайықты

Ұлтымыз көктеген мерейлі мекен



Мемлекет басшысының оңтүстік өңірге жұмыс сапары Шымкент қаласында жалғасты. Жергілікті жұртшылық алдында сөйлеген сөзінде Президент Шымкентті еліміздегі табиғаты да, тұрғындарының ықылас-пейілі де ерекше ыстық жердің бірі ретінде атап өтті.

Әнуар ЖҰМАШБАЙ, «Egemen Qazaqstan»

– Қазақ руханиятында Шымкент шаһарының орны бөлек. Бұл – ұлт дәстүрінің берекелі бесігіне айналған қала. Сондай-ақ қазақтың қасиет пен ыстық ықыласының символы. Бұл – үздік мәдениет пен ұлттық этикеттің тоғысқан жері. Ұлыларды ардақтау, үлкенді сыйлау – сіздердің басты ұстанымдарыңыз. Шымкент

– ұлтымыздың өсіп-өнген, көктем-көбейген мерейлі мекені. Сондықтан мен шырайлы қаланың халқын жерұйығын тапқан жұрт деп сеніммен айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Шежірелі шаһардың кемінде 2200 жылдық тарихы бар екенін айтқан Мемлекет басшысы оның ЮНЕСКО денгейінде расталған дерек екенін еске салды. Президенттің айтуынша, Шымкент республикалық

қала мәртебесіне ие болғаннан бері көптеген оң өзгеріс болды. Атап айтқанда, қаланы дамытуға 170 миллиард тенге қаржы бөлінген. Оған қоса 1,5 триллион теңгеден астам инвестиция тартылған. Қала бюджеті 4 есе өсіп, өнеркәсіп өнімі 65 пайызға артқан. Сондай-ақ аумағы 2,5 миллион шаршы метрден асатын тұрғын үй салынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шаһарды еліміздегі төрт хаб-қаланың біріне айналдыру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатқанын айта келіп, Шымкентті өркендетуге қатысты бірқатар мәселеге арнайы тоқталды.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін наградталсын:

I дәрежелі «Барыс» орденімен

Орман Анарбек Оңғарұлы – «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС директоры, Түркістан облысы;

III дәрежелі «Барыс» орденімен

Әзіретбергелулы Жарылқасын – еңбек ардагері, Түркістан облысы;

«Парасат» орденімен

Әріпбай Қойшыбай Көлбайұлы – еңбек ардагері, Түркістан облысы;

Имажанов Нұрғали – Мәдениет және спорт министрлігі «Қазқайтаңарту» РМК Түркістан филиалының сәулетшісі;

«Ерен еңбегі үшін» медалімен

Лимаренко Марина Анатольевна – «Южный Казахстан» облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы» ЖШС директоры – бас редакторы;

«Шапағат» медалімен

Арынов Пернебай Сапарбайұлы – «Қызыл-Әскер» жалпы орта мектебі» КММ мұғалімі, Түркістан облысының Сауран ауданы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 26 қыркүйек
№ 1022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін наградталсын:

«Парасат» орденімен

Тайжанов Бактияр Байдуллаұлы – «Шымкент келбеті» – «Панорама Шымкента» газетінің бас редакторы;

«Құрмет» орденімен

Байтанаев Бауыржан Әбішұлы – Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ә.Марғұлан атындағы археология институты» РМК бас директоры, Шымкент қаласы;

Бегешев Есенгелді Ибрагимұлы – «№ 2 қалалық аурухана» МКК дәрігері, Шымкент қаласы;

«Ерен еңбегі үшін» медалімен

Хан Ксения Александровна – «Шымкент қаласының кешенді жоғары спорт шеберлігі мектебі» КММ спортшысы;

«Шапағат» медалімен

Үсенова Әсем Мұхтарқызы – «№ 89 ІТ мектеп-лицей» КММ тәрбиешісі, Шымкент қаласы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 26 қыркүйек
№ 1023

МЕМЛЕКЕТТІК МӘСЕЛЕ

Халық мүддесі бәрінен биік

Ресейде жарияланған ішінара мобилизациядан кейін аталған елден көршілес мемлекеттерге ағылғандар көбейді. Қазақстанға ат басын тіреген ресейліктердің де қарасы қалын. Ішкі істер министрлігі таратқан мәліметке сүйенсек, ішінара мобилизация жарияланған 21 қыркүйектен бері тоғызыншы территорияға 98 мың ресейлік кірген екен, 64 мың адам көрші елге кеткен.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Көршілес мемлекет азаматтарының елімізге ағылуы қоғамда кереғар түсінік қалыптастырды. Әрине, Ресейден келген қандастарымызға, жалпы мобилизациядан бас сауғалағандарға көмектесіп жүргендер ішінара кездеседі. Бірақ халықтың басым бөлігі мұндай үрдіске наразы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысына барған сапарында көпшіліктің көкейінде жүрген мәселеге де арнайы тоқталды. Осындай алмағайып кезеңде қиналғанға қамқорлық көрсетуді адамгершілікке балады.

«Қазаққа «Көршімен татулық көңілі тоқ» деген сөз бар. Ең бастысы, іргелес елдермен тату болуымыз керек. Бұдан еш ұтылмаймыз. Соңғы күндері көрші елден,

яғни Ресейден көптеген адам келе бастады. Көпшілігі қазіргі ахуалға байланысты амалдың жоқтығынан келіп жатыр.

Оларға қамқорлық көрсетіп, қауіпсіздігіне мән беруіміз қажет. Бұл – саяси және гуманитарлық мәселе. Осы мәселені мен Үкіметке тапсырдым. Жалпы, осындай күрделі жағдайда біз ең алдымен адамгершілік, сабырлық, ұйымшылдық танытуымыз керек. Бізде ешқандай дағдарыс жоқ, дүрбелең де жоқ», деген Президент Ресей тарапымен келіссөз жүргізіп, бұл түйткілдің еліміздің мүддесіне сай шешілетінін айтты.

(Соңы 8-бетте)



Суретті түсірген: Рағиана КСІЗ/ЕЖ